



БЕКІТІМ

Қонақүй басқарушысы

Цыган О.И.

«ЖаңаOtel» қонақүйіне қабылдау және орналастыру ережелері

1. Қонақүй қызметтері - бұл бізде тұратын меймандарды қонақүй әкімшілігімен алдын ала келісілген, шектеулі уақытқа жайлы орналастыру. Бұл мерзім аяқталғанда мейман нөмірден кетуге міндетті. Егер ол өзінің бізде тұруын ұзартуға ниет білдірсе, бұл туралы алдын ала (есептік сағат басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей) әкімшілікке хабарлау керек. Егер хабарлаудың барлық мерзімдері сақталса, қонақүй әкімшілігі төлемді алуға және қалуға тілек білдірген мейманның тұру мерзімін ұзартуға міндеттенеді.
2. Біз сағаттық төлем негізінде жұмыс істемейміз. Брондаудың минималды мерзімі 1 тәулікті (24 сағат) құрайды. Нөмір рәсімделіп, мейманға бекітілуі үшін, ол қонақүй қызметкеріне оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуы және төлем жасауы тиіс.
3. Тұру үшін таңдалған нөмір орналасқан сәтінде төленеді. Нақты апартаменттердің құны орналасу күніндегі өзекті прейскурантқа сәйкес келеді (дисконттарды есептемегенде).
4. Біздің қонақүйдің әкімшілігі меймандарға іссапар куәліктерін рәсімдемейді және көлік билеттерін брондамайды.
5. Барлық жағдайларда (ҚР азаматтары мен резидент еместері) тұрғаны үшін төлем тек ұлттық валютада, өзекті прейскурант негізінде, қолданыстағы есептік сағат жүйесіне сәйкес қабылданады.
6. Мейман жоспарлаған және қонақүймен келісілген күні нөмірді брондау өзгертілмейтінін немесе ауыстырылмайтынын есте сақтаңыз.
7. Қонақүйге келу уақыты 13.00, есептік сағат 12.00 деп есептеледі.
- Есептік уақыт орналастыру қызметінде магниттік картаны тапсыру сәтіне белгіленеді.
- Есептік сағаттан кейін тұру уақыты ұзартылған жағдайда, тұру ақысы былайша алынады:
 - Кеш шығу 13.00-ден 00.00-ге дейін нөмірдің тәуліктік құнының 50%-ы төленеді, егер шығу 00.00-ден кеш болса, төлем толық тәулік үшін алынады.
 - Ерте келу: есептік сағатқа дейін орналастыру кезінде: 06.00-ден 13.00-ге дейін нөмірдің тәуліктік құнының 50% -ы төленеді, егер 06.00-ден ерте келген жағдайда, төлем толық тәулік үшін алынады. Келесі тәуліктерде тұратын болған жағдайда.
 - 22.00-ден 13.00-ге дейін орналасу кезінде төлем түнгі тариф бойынша өндіріледі.
8. Өзекті прейскурантта келесі санаттағы қонақүй нөмірлерінде тұру құны көрсетілген: Эконом, Стандарт, Жартылай-люкс, Люкс, Премиум - люкс.
9. Қонақүйге балалармен бірге орналасу кезінде ата-аналары қонақүй қызметкеріне баланың туу туралы куәлігін көрсетуге міндетті;
10. 18 жасқа толмаған балалар, қонақүйде тек ересектермен, бірге еріп жүрулеріне сенімхат болған жағдайда ғана орналастырылады.
11. Нөмірде тұру кезіндегі қосымша қызметтер құны:
 - төсектерді бөлу үшін - 2000 тг;
 - жоспардан тыс төсек-орын жабдығын ауыстыру - 3000 тг;
 - сүлгілерді ауыстыру (беттік, моншаға арналған, аяқ сүлгілері) -1000 тг;
 - қосымша монша жиынтығы - 2000 теңге;
 - қосымша төсек-орын жабдығы, таңғы ас, бір қосымша адамға қосымша монша жиынтығы 4000 теңге;
 - қосымша төсек-орын жабдығы, таңғы ас, қосымша екі адамға арналған қосымша монша жиынтығы 6000 теңге;

12. Шылым шегуге және өзімен бірге әкелінген немесе таңдалған нөмірге орналастырғаннан кейін әкелінген кальянды пайдалануға тыйым салынады - бұл өрт қауіпсіздігі техникасымен қатаң тыйым салынған.

13. Барлық қосымша көрсетілетін ақылы қызметтердің тізбесі және оларға арналған өзекті прејскурант қонақүй персоналында бар.

14. Біздің қонақүйдің әкімшілігі меймандардың кез келген құнды заттары үшін материалдық жауапкершілікте болмайды.

15. Қонақүйде үш күннен артық тұрған кезде, төсек-орын жабығы 3 күнде 1 рет немесе қосымша ақы төлеу арқылы сұрау салу бойынша ауыстырылады. Сүлгі мен қаттау күн сайын (екі адамға) ауыстырылады.

16. Қонақүйде тұрған кезде, меймандар қонақүйге тиесілі мүлікті сақтауға, сондай-ақ белгіленген тәртіп пен тазалықты сақтауға тиіс. Егер біздің қонақүйіміздің мүлкі жоғалса немесе бүлінсе, зиянды өтеу оны келтірген мейманға жүктеледі. Қонақүй мүлкінің қасиеттерін ішінара немесе толық (қалпына келтіру мүмкіндігінсіз не жөндеу жоспарында шамадан тыс шығынды) жоғалту, мүліктің бүлінуі деп есептеледі.

17. Қонақүйдің барлық меймандары өрт қауіпсіздігі ережелерінің нұсқамаларын мүлтіксіз орындауға міндетті. Қонақүй нөмірлерінде темекі шегуге қатаң тыйым салынады (біз осы ереженің сақталуын мұқият қадағалаймыз). Меймандардың қонақүй нөмірінде темекі шегу фактісі анықтаған жағдайда, қонақүй әкімшілігі құны 10 000 теңгеге баламалы айыппұлды ұстап қалуы мүмкін. Темекі шегуге арналған орындар ғимараттың сыртынан бөлінген.

18. Өзінің нөміріне бөтен тұлғаны алып әкелу үшін, мейман бұл туралы қонақүй әкімшілігіне хабарлауға міндетті.

19. Меймандар өз нөмірінен шыққанда терезелердің жабық болуын, су құбырының шүмектері жабық болуын, жарық пен теледидардың өшірілуін қадағалауы тиіс. Нөмірдің кіреберіс есігін құлыптап шығу қажет.

20. Біздің қонақүйіміздің меймандарына төмендегілерге тыйым салынады: - сапармен келген бөгде тұлғаларды өздері болмаған уақытта нөмірде қалдыруға және оларға нөмірдің кілтін беруге:

- нөмірді көлемі үлкен заттармен толтыруға, нөмір ішінде атыс қаруын, жанғыш заттарды сақтауға;

- нөмірде құстар мен жануарларды ұстауға;

- нөмірде темекі шегуге.

21. Қонақүйден шыққанда мейман өзіне көрсетілген барлық қызметтер үшін толық есеп айырысуға, сондай-ақ өзінің кететіні туралы қонақүй әкімшілігіне хабарлауға міндетті. Нөмірдің магнитті картасын тапсырғаннан кейін, мейман нөмірді кезекші әкімші қабылдағанға дейін күтуге міндетті.

22. Осы Ережелерді бұзған жағдайда, атап айтқанда: өзін лайықсыз түрде ұстаса, басқа меймандардың тыныштығына келергі келтірсе, таңдаған нөмірі/берілген орны үшін уақтылы төлемесе, мейман Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қонақүйден дереу шығарылуға тиіс.

23. Қолданыстағы ішкі тәртіптер және қонақүйді пайдалану ережелері, тұруға арналған өзекті бағалар, біз ұсынатын қосымша ақылы қызметтердің бекітілген толық тізімі (тиісті құжаттың күні және нөмірімен) мен құны, әрдайым танысу үшін қол жетімді болып келеді.

24. Біздің қонақүй меймандарды тәулік бойы қабылдап отырады.

25. Қонақүй шет мемлекеттердің азаматтарына уақытша тұруға, жұмыс істеуге және т.б. рұқсат алуға жәрдемдеспейді.

26. Қонақүй ұйым қызметкерлерінің жеке деректерін тұрушыларға және үшінші тұлғаларға жария етпейді.